



Бекітемін

Білім беру бағдарламалары тобының
ректары

Е. Б. Аймағамбетов

06 2025 ж.

**В005 Білім беру бағдарламалары тобы
бойынша шығармашылық емтихандар өткізу бағдарламасы күндізгі оқу
нысанына түсетін талапкерлер үшін дене шынықтыру мұғалімдерін
Пәнаралық бірлескен білім беру бағдарламасы
даярлау 6В01402 Дене шынықтыру және спорттық менеджменті
(оқу мерзімі 4 жыл)**

Қарағанды 2025

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Шығармашылық емтихандар бағдарламасы В005 білім беру бағдарламаларының тобы бойынша күндізгі оқу нысанына (оқу мерзімі 4 жыл) түсетін талапкерлерге арналған 6В01402 «Дене шынықтыру және спорттық менеджменті» білім беру бағдарламасына дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау.

Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және таңдаған спорт түрі бойынша дене шынықтыру мұғалімі және (немесе) жаттықтырушы мамандығын тиімді меңгеруге мүмкіндік беретін жеке алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.

Осы шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасы Білім және ғылым Министрлігінің 30.10.2018 жылғы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 1-параграфына сәйкес әзірленді және оларды өткізудің мазмұны мен тәртібін айқындайды.

Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны, мазмұны, нәтижелерін бағалау осы бағдарламаға сәйкес айқындалады.

Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссиялар құрылады.

Шығармашылық емтихандарды өткізу жөніндегі комиссияның құрамына профессор-оқытушылар құрамы, Қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары қатарынан университет өкілдері және бейіні бойынша тиісті білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар кіреді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімі Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар, нәтижені жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

Шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін оқуға түсушілерден өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 10 тамыз аралығында Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің қабылдау комиссиясында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 7 шілдесінен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

Шығармашылық емтихандарды өткізу орны-Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің спорттық-сауықтыру кешені.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50- балдық жүйе бойынша бағаланады.

Шығармашылық емтихан Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің спорттық-сауықтыру кешенінде белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып өткізіледі:

Шығармашылық емтихандарға рұқсатты қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихан өткізуге тартылған арнайы кезекшілер талапкердің жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарды қабылдау кезінде берілген рұқсаттаманы көрсеткен кезде қамтамасыз етеді.

Емтиханға жіберу үшін талапкерлердің спорттық формасы болуы керек.

Емтиханға дәлелді себеппен кешіккен немесе келмеген жағдайда талапкер жазбаша өтініш негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі және емтиханды өткізіп жіберудің дәлелді себебін растайтын құжатты ұсынады.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

Шығармашылық емтиханнан 5 балдан төмен алған жағдайда талапкер автоматты түрде келесі шығармашылық емтиханға жіберілмейді.

**6B01402 Дене шынықтыру және спорттық менеджменті ББ бойынша
шығармашылық емтиханның нормативтік талаптары»**

Қыздар

Шығармашылық емтихан нәтижелерін бағалау.

Бақылау нормативтері	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат-лық	Қанағат-сыз
	A	B	C	D
	41-50 балл	31-40 балл	21-30 балл	0-20 балл
1-ші шығармашылық емтихан «Мамандандыру бойынша нормативтер»				
1. Баскетбол добын жүргізу (40 метр)	9"00"	9"30"	10"00"	10"15"
	25 балл	20 балл	15 балл	10 балл
2. Диаметрі 3 метр шеңбердегі волейбол доптың жоғарғы берілісі (рет саны)	25 рет	20 рет	14 рет	11 рет
	25 -балл	20 -балл	15 -балл	10 -балл
Бақылау нормативтері	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат-лық	Қанағат-сыз
	A	B	C	D
	41-50 балл	31-40 балл	21-30 балл	0-20 балл
2-ші шығармашылық емтихан «Жалпы дене дайындығы бойынша нормативтер»				
3. Денені жатқан жерден 50 рет көтеру	1'00"00"	1'05"00"	1'15"00"	1'20"00"
	25 -балл	20 -балл	15 -балл	10 -балл
4. Шаттл жүгірісі 6x10 м (сек.)	16"	17"	18"	19"
	25 -балл	20 -балл	15 -балл	10- балл

**6B01402 Дене шынықтыру және спорттық менеджменті ББ бойынша
шығармашылық емтиханның нормативтік талаптары»**

Ұлдар

Шығармашылық емтихан нәтижелерін бағалау.

Бақылау нормативтері	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат- лық	Қанағат- сыз
	A	B	C	D
	41-50 балл	31-40 балл	21-30 балл	0-20 балл
«Мамандандыру бойынша нормативтер»				
1. Баскетбол добын жүргізу (40 метр)	7"00" 25 -балл	7"30" 20 -балл	8"00" 15 -балл	8"15" 10 -балл
2. Волейбол добын беру (рет саны)	6/6 рет 25 -балл	6/4 рет 20 -балл	6/2 рет 15 -балл	6/1 рет 10 -балл
Бақылау нормативтері	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат- лық	Қанағат- сыз
	A	B	C	D
	41-50 балл	31-40 балл	21-30 балл	0-20 балл
«Жалпы дене дайындығы бойынша нормативтер»				
3. Кермеде тартылу (рет саны)	15 рет 25 -балл	13 рет 20 -балл	11 рет 15 -балл	10 рет 10 -балл
4. Шаттл жүгірісі 10x10 м (сек.)	27" 20 -балл	28" 15 -балл	29" 10 -балл	30" 5 -балл

**«Дене шынықтыру және спорттық менеджменті»
кафедрасының меңгерушісі»**

Сырымбетова Л.С.

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**

Березюк В.И.